

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 315 (2017), 115 – 126

A.B. Derbisali

MES RK CS R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan  
shighistanu@mail.ru

## NIZAM AD-DIN YAHIYA AS-SAIRAMI AND HIS WORKS

**Abstract:** The article discusses the life and work of a native of the medieval Kazakh city Isphidzhab-al-Baida-Sairam - Saif ad-dina as-Sairami-Nizam ad-dina Yahiya as-Sairami. The treatise called «Hashiya al-Mutauual li-Sheikh Nizam ad-din Yahiya as-Sairami» (“Commentary [on the treatise] «Al-Mutauual» of the Nizam ad-din Yahiya as-Sairami Sheikh”). The manuscript of this work was discovered by the author in the El Escorial Library in Spain during his research trip in 2014.

**Keywords:** Abu Yakub as-Sakkaki, Sairam, Tebriz, al-Mutauual, Sad al-Din at-Taftazani, Arabic language, Kuds, Sultan Barkuk, Cairo.

## Әбсаттар қажы Дербісәлі

ҚР БҒМ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

НИЗАМ АД-ДИН ЙАХИЯ АС-САЙРАМИ  
ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

**Аннотация:** Автор тегі, шыққан жері бойынша қазақ елінің орта ғасырлық ежелгі қаласы Исфиджаб-әл-Байда-Сайрам шаһарының тұрғыны Сайф ад-дин ас-Сайрамидің үлкен ғалым, кемеңгер, ойшыл, парасатты ұлы Низам ад-дин ас-Сайрамидің (?-1430) Испанияның Эскуриал кітапханасынан тапқан «Хашия әл-Мутаууал ли-шейх Низам ад-дин Йахия ас-Сайрами» («Низам ад-дин Йахия, ас-Сайрамидің «әл-Мутаууалге» комментарийі») атты қолжазбасын зерттеген.

**Тірек сөздер:** Әбу Йақуб ас-Саккаки, Сайрам, Тебриз, «әл-Мутаууал», Саъд ад-дин ат-Тафтазани, араб тілі, Кудс, Султан Баркук, Каир.

Орта Азиялық орта ғасырлық филолог ғалым Әбу Йақуб Сирадж ад-дин ас-Саккаки (1160-1299) «әл-Мифтах фи илм әл-балаға» атты трактат жазған. Ал оны әл-Хатыб әл-Казуини (?-1338) «Талхис әл-мифтах фи илм әл-балаға» деген атпен мазмұндап шыққан. Сонысымен кезінде ол атағы шығып, ғалымдар назарына ілігіп, жұрт қызығушылығын тудырған. Сол себепті бірқатар ойшылдар осы трактатқа түсіндірмелер (шарх) мен түсініктер арнаған. Солардың ішіндегі ең танымалдысы – көрнекті ғалым Саъд ад-дин ат-Тафтазанидікі (1322-1390). Оның туындысы «әл-Мутаууал» деп аталған және ол озық саналған, себебі шығарма шешендік ғылымдағы («ал-балаға») құнды дереккөз деп танылған және осы сала білгірлері арасында қызу қолдауға ие болған. Сондықтан да бірте-бірте оған «әл-Мутаууалдағы» сөйлемдер мен мағынасын айқындайтын сөздерді ұғуды жеңілдететін түсіндірмелер құрастырыла бастайды. Сондай түсіндірмелердің бірі, ортағасырлық қазақ шаһары Сайрамнан шыққан ғұлама Низам ад-дин Йахия ибн Сайф ас-Сайрамидің (?-1430) “Хашия әл-Мутаууал ли-шейх Низам ад-дин ас-Сайрами” деп аталатын еңбегі. Кейбір ғалымдардың пікірінше, туындының түпнұсқасы сақталмаған. Бірақ, одан оның маңыздылығы кемімеген. Ол сөйтіп күні бүгінге дейін бағалы туынды саналып келеді.

Трактаттың екі нұсқасы бар. Бірі – Испаниядағы Эскуриал кітапханасында, ал екіншісі – Умм ал-Кура университетінің король Абдолла кітапханасында (Сауд Арабиясы). Соңғының мұрағаттағы сақталу нөмірі 15840. Бұл дүние туралы сөз қозғаудан бұрын әуелі Низам ад-дин Йахия ибн Сайф ас-Сайрамидің өмірі және Сайрам қаласының тарихымен де танысайық.

Осы жайттерді анықтау және Низам ад-дин туралы материалдар жинау үстінде зерттеушілер оның өмір жолына тек үнілу, шығармаларын талдау үшін көптеген дереккөздерді іздестіру, сол арқылы ғалым тұлғасының қалыптасуы, ойшылдың дәстүршілдігі мен жаңашылдық дәрежесі һәм шығармашылық

процестегі ұлттық және жалпы халықтық рөлін анықтауды бірінші кезекке қояды. Бұл ретте Низам ад-дин Йахия ас-Сайрами мен ол туылған Сайрам туралы деректердің мәні зор.

Сайрам ежелгі жазбаларда әуелі Исфиджаб, кейінірек Мадинату-л байда (Аққала), сонан соң Сайрам деп атала бастаған. Ол қазір де солай аталады. Шаһар Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы Шымкенттің шығысында 12 шақырым жерде.

Түркі халқының атақты филолог-ғалымы Махмут әл-Қашғари (XI-XII ғ.): “Сайрам бұрындары Исфиджаб деп аталған аққаланың аты” деген. Сондай-ақ ол жайлы орта ғасырлық араб тілді дереккөздерінде де түрлі мәліметтер ұшырасады. Мысалы Әбу Абдалла әл-Хорезми (787-850), Ахмед ибн Йахия әл-Балазури (?-892), Ибн Хордадбех (820-912), әл-Истахри (X ғ.), Ибн Хауқал (X ғ.), ас-Самъани (1113-1167), Йағкуби (IX ғ.), Ибн әл-Асир (1163-1239), Сухраб (X ғ.) Йакут әл-Хамауи ар-Руми (1179-1224), Рузбихан әл-Исфahanи еңбектерінде (1457-1524) деректер бар. Осы қалада түркі текті сопы, атақты Қожа Ахмет Йасауи (1093-1173) де туылған.

Одан сонымен қатар орта ғасырларда 17-ге жуық исфиджабилер, 8 байдауи, 12-ден астам Сайрами атты көптеген ойшыл ғалымдар шыққан. Олар дін ілімі һәм филологияға қатысты көптеген құнды шығармалар қалдырған.

Сайрамның Таяу және Орта Шығыс жұртымен мәдени және рухани байланысы ешқашан үзілмеген. Низам ад-диннің әкесі Сайф ад-дин Сайрами мен оның туған інісі Ала ад-дин ас-Сайрами тереңірек білім алу үшін әуелі осы күнгі Иранның солтүстігіндегі Тебризге келген. Осы жерде Сайф ад-диннің үлкен ұлы Низам ад-дин Йахия мен немересі Абд ар-Рахман дүниеге келген. Соңыра олар Ақсақ Темір (1336-1405) шапқыншылығынан бас сауғалап Тебризден Шамға (Сирияға) қоныс аударған. Дей тұрғанмен ақырында Каирге келіп, сонда тұрақтаған.

Сайрамдықтар өте құнды шығармалар жазумен аты шыққан. Оған сөз болып отырған Низам ад-дин Йахия ас-Сайрамидің туындысы дәлел бола алады. Әйтсе де өкінішке орай олардың жазба мұралары араб шығысы мен батысы және Еура жұртының да кітапханалары мен қолжазбаларына шашырап кеткен.

Низам ад-дин Йахияның өміртарихын хаттаушылар ол туған нақты мерзімді көрсетпесе де ғалым 780/1380 ж. дейін дүниеге келген деп шамалайды. Әйткені, әкесі Сайф ад-дин Каирге 790/1387 ж. келген кезде, бала Низам ад-дин Йахия шамамен 10 жаста екен. Ал енді оның туған жеріне келсек, әкесі Сайф ад-дин Каирге жоғарыда айтылғандай Шамнан көшіп барған сияқты<sup>1</sup>.

Ибн Имад (1623-1679) “Жас Йахия 7 жасында әкесімен бірге Каирге келген” деген жорамал жасайды<sup>2</sup>. Егер бұл дерек дұрыс болса, онда ол 783/1383 ж. туылған, өйткені тарихшылардың айтуынша әкелі балалы отбасы Каирге 790/1387 ж. келген.

Әкесі Низам ад-динге жақсы білім берген. Әке жанында жүріп ол діни және дүниауи де ілімдер және араб тілі бойынша да тағлым алған. Онымен де шектелмей алгебра, медицина, философия, инженерия, астрономия және басқа ғылым салалары бойынша зеректік көрсеткен<sup>3</sup>. Сөйтіп көптеген ғылым салалары бойынша табысқа жеткен Низам ад-дин ас-Сайрамиді энциклопедист-ғалым деуге болады. Ол ислам ұммасының қайта өрлеуіне үлес қосқан дарын.

Ол жайлы жазғандардың жас ғалымға тәнті болғанын олардың ас-Сайрамиды дәріптеген сөздерінен-ақ білуге болады.

Ибн Хаджар әл-Аскалани (1372-1449): «Ол діндар, құдайшыл да иманды адам-ды, біздің шайхымыз Изз ад-дин ибн Джамаъа оның адамгершілік қасиетін мақтан тұтатын»<sup>4</sup> десе, ал Имам ас-Суюти (1455-1505): «Ол жақсы оқығатын, тез түсініп, қағып алатын, шынайы, қарапайым, адал, әділ-ді – халқы арасында оған теңесер ешкім болған жоқ»<sup>5</sup> деген.

Ибн ал-Имад (1623-1679) тағы да: «Ол діндар, тілінен бал тамған, тақуа, пікірсайыс пен келіссөздерге шебер, пейілі кең, ұстамды, құрметке лайық, беделді, адамның мәшһүрі болатын»<sup>6</sup> деген.

Иә, сөйтіп ол білім мен дінді құрметтейтін отбасында өсті. Ал мұндай ахуал адамның білімге жетіктігіне қуат береді. Низам ад-дин осы күнге дейін Каирде дін аман тұрған Барқукия\* медресесінің шайхы қызметін атқарған әкесі Сайф ад-дин ас-Сайрамидің (?-?) жанында болды. Әкесі фикһ (мұсылман заңы), дін негіздері, араб тілі ғылымдары, мағына және мазмұндау (илм ал-байан), илм ал-маъани, алгебра, логика, медицина, философия, инженерия, астрономия ғылымдары бойынша жетістіктерге жетті. Әкелі, балалы олар түрлі ғылым салаларын ұрпақтарына сіңіріп, олардың ғалым болуларына еңбек сіңірді.

\* “Сұлтан аз-Захир ад-дин Барқұқ (1382-1389 жылдары) Мысырда билік еткен. Мамлұқ мемлекетінің шеркеш әулетінен шыққан бірінші билеушісі және оның негізін қалаушы. Орта ғасыр араб жазба деректегі оның Мысырға Депті-Қыпшақтан әкелінгенін айтады. Оның бұйрығымен ескі Каирдің орталығында салынған мешіт жақсы сақталған сәулет ескерткіштерінің бірі. Мешіттің кіреберіс арқасы үлкен күмбезі мен мұнарасы, ішкі есіктер мен терезелерінің жоғары тұстары қыпшақтың ою-өрнектерімен әсем безендірілген.”

(Бахыт Батыршаұлы. Мысырдағы мамлұқ – сәулет өнерінің тарихы. Астана 2011, 168-бет).

Низам ад-дин Йахья ас-Сайрами соңыра ұлды болды. Абд ар-Рахман ибн Йахья Сайф ад-дин ас-Сайрами 813/1409 жылдың шаууал айының басында Каирдегі ал-Машйаха медресесі жанында туылған. Сол жерде өсіп, әкесінен, сонымен қатар Таки ад-дин аш-Шумунни (1398-1468) атты ғалымнан және басқалардан білім алды. Ол қасиетті Құранды жатқа білген. Әкесі Низам ад-дин дүниеден қайтқаннан кейін, 833/1430 жылы аталған медресе жанындағы ал-Машйахты басқарды. Фихһ, дін негіздері, араб тілі, мағына және мазмұндау туралы ғылымдарда үлкен жетістіктерге жетті. Осы оқу орнында сабақ берді. Көптеген шәкірттері оның дәрістерінің пайдасын көрді. Ол замандастары арасында алғырлығы, жарқын дарыны, күшті жады, ақкөңілділігі, именушілігі, қарапайымдылығы, жылы шырайлылығы, діндарлығы және тақуалығымен ерекшеленді. Мемлекеттің беделді адамдарымен тек зәру жағдайда ғана кездесетін. Сөйтіп нәтижеде, Ханафи мазһабының көрнекті өкілдерінің біріне айналды<sup>7</sup>.

Осы жаңұядан сөйтіп түрлі білімді меңгерген, XIII-XV ғасырда төрт бірдей көрнекті ғұлама шықты. Олар:

**Атасы:** Ағайынды Ала ад-дин ас-Сайрами (?-1388//1343) мен Сайф ад-дин ас-Сайрами (?-?)

**Баласы:** Низам ад-дин Йахья ибн Сайф ад-дин ас-Сайрами.

**Немересі:** Абд ар-Рахман ибн Низам ад-дин Йахья ибн Сайф ад-дин ас-Сайрами.

**Ала ад-дин Сайрами (?-1388//1393), Сайф ад-дин ас-Сайрами (?-?)**



**Низам ад-дин Йахья ибн Сайф ад-дин ас-Сайрами (1380 – 1430)**



**Абд ар-Рахман ибн Низам ад-дин Йахья ибн Сайф ад-дин ас-Сайрами (1409 – 1476)**

Тарихшылар Низам ад-дин ас-Сайрамиді 833/1430 жылғы<sup>8</sup> Каирге жайылған оба салдарынан қайтыс болған деген пікірде.

Сонымен Сайрам ұланының аталмыш еңбегінің қолжазбасы 443 бет. Әр бетінде 29 жол, әр жолдағы сөз саны шамамен 18. Қолжазба кейбір сөздерден басқа, анық ан-насих жазу түрімен өрнектелген.

Трактат екіге бөліп көшірген секілді. 211 беттегі жазу анығырақ та әдемірек. Осы бетке жасалған сілтемеде былай деп жазылған: «Қолжазбаны басынан осы бетке дейін... Бадр ад-дин әл-Ханбали көшірген, ол автор қолжазбасының таза данасын көшірген, ал мен онан осы дананы көшірдім. 236-беттен бастап қолжазбаның аяғына дейін, бастапқы жазумен жазылған».

Қолжазбаларда көшірушінің аты көрсетілген. Ол Абд әл-Хакк ибн Мұхаммад ас-Синбати. Оның сөзіне қарағанда, бұл қолжазбаның көшірмесі. Оның байырғы нұсқасының иесі – Бадр ад-дин әл-Ханбалидің шәкірті. Оны Абд әл-Хакк ас-Синбати келесі сөздерімен растаған: «Қолжазба Бадр ад-дин әл-Ханбалидің түп нұсқадан көшірген нұсқасымен аяғына дейін салыстырып тексерілді. Мен осы дананы содан дүйсенбінің түні, 886/1480 жылғы зул-қаьда айының 24-інде көшірдім.

Егер автор 833/1430 жылы қайтыс болса, онда оның автормен жас айрмасы 53 жыл. Жоғарыда көрсетілгендер негізінде, қолжазба нұсқаларының көшірілген мезгілі 886/1480 жылға сәйкес келеді.

Еңбекті зерттеушілер алдымен, кітаптың басқаға емес, тікелей авторға тиістілігін анықтаулары қажет. Кейде кітап пен оның авторы сәйкес келеді, атап айтқанда, басқа кітап авторлары автор атымен аттас немесе еңбектері бір-біріне ұқсас болса.

Біз қарастырып отырған шығарманың Низам ад-дин Йахьяға тиесілі екендігіне дәлел болатын үш уәж бар:

**Бірінші уәж:** кітап мұқабасындағы «Шейх имам Низам ад-дин Йахья ибн Сайф ас-Сайрамидің «ал-Мутаууальна» түсінік...» деген жазу. Сондай-ақ, трактат алғысөзінің мәтінінде де автордың аты аталуы.

**Екінші уәж:** автор өмірбаяны туралы басқа да шығармаларда деректердің келтірілуі. Оларда ғалымның тіл, мазмұндау туралы ғылым, риторика ғылымдарын мүлтіксіз меңгергені туралы айтылған. Тарихшы Шамс ад-дин Мұхаммед ас-Сахауи (1427-1497) «ад-Дауъ ал-ламиъ ли-аһл ал-карн ат-тасийта»: «Ол өзін басқаларды оқытуға арнаған. Басқа мазһабтардың беделді ғалымдары оған ғылымдардың әрқилы саласындағы «ал-Адуд», «ал-Мутаууал», «шарх ал-Мауакиф», «Тафсир ал-Байдауи», «ал-Кашшаф» атты кітаптарды оқып берген. Оған арнаған мадақтарды естідім, айналасындағы адамдар оның сұңғылалығы мен діндарлығын айрықша атап өткен. Білімділігінің мықтылығы мен зерттеушілік қабілеті жағынан оны тіпті ал-Изз ибн Джамабадан асып түскен деуге де болады. Одан білім алғандар ішінде «ал-Мантик», «ал-Мутаууалды» зерделеген ат-Такий аш-Шумунни (1398-1468) де болған, сондықтан Низам ад-дин оған өз қолымен ұзын түсінік жазып берген» деген.





Эскуриал кітапханасындағы (Испания) Низам ад-дин Йахия ас-Сайраמידің трактаты

Осы ретте ас-Сахауи айтқан, Низам ад-дин оқыған, жоғарыда аталған кітаптар мен олардың авторларына да тоқтала кетейік.

Адуд ад-дин әл-Иджи (Әбу-л Фадл ад-дин Абд ар-Рахман бин Ахмед бин Абд әл-Ғаффар ас-Сидиқи әл-Бакри аш-Шабанқари әл-Иджи (1281-1355) “Акаид Адудийа” атты және басқа да бірқатар еңбектердің авторы.

“Шарх әл-Мауакифті” жазған Санд Шариф Джурджани (1340-1413) болуы мүмкін. Өйткені осы шығарма С.Ш. Джурджани туындылары ішінде аталады.

Байзауи (Әбу Саъд/Саид) Насыр ад-дин Абдулла бин Умар бин Мұхаммед бин Әли аш-Ширази әл-Байзауи // Байдауи (?-1292) көптеген туындылардың арасында “Тафсир әл-Байдауи” – “Ануару-л танзил уа асрау-т тауил” атты еңбектің де авторы.

“Кашшафты” туындатқан хорезмдік Әбу-л Қасым Махмуд бин Умар бин Ахмед аз-Замахшари әл-Хорезми (1075-1144). Шығарманың толық аты “әл-Кашшаф ан хакаиқ ауамид ат-танзил уа уйуни-л ауамил фи уджуһи-т тауил”. Оның бұл дүниесі 4 том болып 2006 жылы Бейрутте жарыққа шыққан. (1 том, 296 бет; 2 том 736 бет; 3 том 615 бет; 4 том 832 бет).

Сонымен Шамс ад-дин Мұхаммед ас-Сахауи атап көрсеткендей «ал-Мутауалға» түсінік жазған еңбектің Низам ад-дин Йахия ас-Сайрами екендігінде күмән жоқ.

**Үшінші уәж:** осы пікірді жоққа шығаратын адамдар жоқ, осылайша, егер жоққа шығарушы жоқ болса, шығарманың авторға тиістілігінде де күмән болмайды.

Ас-Сайраמידің «ал-Мутауалға» жазған түсініктерінде қарастырылған кейбір мәселелер төмендегідей:

Ас-Сайрами өз Түсініктерін басмала (Алла атынан) және Алла есімін ұлықтаудан бастаған. Алғысөзінің кереметтілігі сол – шешендікті («ал-балага»), мазмұндауды («ал-байан») Алла жұлдыздарымен әшекейлеген аспанмен салыстырған. Ол: «Шешендікті мазмұндауды аспан шырақтарымен әрлеген Аллаға мадақ. Шешендік ғылымы үшке бөлінеді: мағыналар туралы ғылым (әл-мағани), мазмұндау жайлы ғылым (әл-баян), риторика хақындағы ғылым (әл-бадиъ). Мазмұндау ғылымы сияқты шешендік ғылымын ол көк күмбезді нұрландыратын және оны әшекейлендіретін аспан шырақтарымен салыстырады. Сөйтіп мазмұндау шешендік ғылымының барлық тарауларының аспан шырақтары және әшекейі.

Сонан соң ол шешендіктің шынар биігіне жеткен қасиетті Құран түскен Мұхаммед пайғамбарға Алланың игілігі мен сәлемін шақырады. Құранның шынайы ғаламаты – оның керемет шешендігінде, ол



Құран аятындай бірде-бір аят келтіре алмаған, сөз майын тамызып ділмарсыған арабтарды әбігерге түсірді. Құран шешендіктің шырқау биігі, мазмұндау ғылымы өз кезегінде осы аталған ғылымның түрлері арасындағы шешендік шыңы”.

Сосын, ол бұл кітаптың «әл-Мутаууалға» жасалған түсіндірме (шарх) екендігін, ал түсіндірме өз кезегінде имам Саъд ад-дин ат-Тафтазанидың «әл-Мутаууалынан» жасалған қысқаша түсінік деп еске алды. Ол осы еңбектің ерекше және еліктіретін қырлары, сирек кездесетін ережелері мен таңқалдырар шарттары бар дейді.

Сонан соң Низам ад-дин еңбекті оқыған әрбір кісі авторға кешірімділікпен қарап, жіберілген қателерді тапқан жағдайда түзетулерін өтінеді. Осы тілегі арқылы ол шынайы кемеліне келген тек Алланың кітабы ғана екендігін білдірді. Әрі қарай: «Құдайдың құлының – ақыл-ойы шектеулі, әлсіз екендігін өзі де мойындайды. Өйткені ол өзінің «Білім жағынан мықты еместігін» мойындады. Оның бұлай деуінен қарапайымдылығын білуге болады. Ал оның бұл кітабын оқыған кез-келген кісі мол білім, ғажайып дәлдік тауып, тіл, шарифат, философия ғылымдарын түгел қамтыған білімге ие болады. Себебі кішіпейілділігімен ерекшеленген тақуа, діни кісілер мен ғалымдардың жағдайы осылай» дейді.

Одан кейін ас-Сайрами білім мен білімділерден гөрі надандық пен топас адамдарға басымдық берілудің кең таралуына, әсіресе, бұның әдебиет саласына қатысты екеніне, себебі оның негізі әлсіреп аспан шырақтарының өшкеніне, мұрасы жойылғанына қынжылыс білдірген. Бірақ, осыған қарамастан ол аталған сала бойынша трактаттарын жазуды жалғастырған.

Сонан соң ол кіріспесін марапатталатынын, білімнің бір адаммен шектелмейтінін бір кісі өлімімен расталмайтынын, керісінше барлық ұрпақ ғалымдары өз мүмкіндігінше шындыққа, ақиқатқа жету үшін ынталылық танытатын түсіндірумен аяқтайды. Себебі білім қайсыбір қалықпен шектелмейді және өмір сүруін тоқтатпайды.

Кіріспеде Низам ад-дин ас-Сайрами анықтама берген кейбір терминдер төмендегідей:

**«Илхам» (иландыру, шабыттандыру) сөзінің анықтамасы**

Низам ад-дин ас-Сайрами «ал-илхам» сөзіне мынадай анықтама берген: бұл үрдіске шайтанның айдап салуын қатыстырмай, мақсатпен адам жүрегін иландыру, бұл жерде делдалдың болмағаны міндет, ал «ал-ильлам» (хабарлау) сөзінің мағынасы ауқымдырақ.

**«Әл-Файд» (береке, жомарттық, кең пейілділік) сөзінің мағынасы**

Тілдік жағынан «ал-Файд»: «фаада» етістігінен жасалған есім сөз (масдар), «фаада ал-маа» сөз тіркесі – су арнасынан асты, су басты [13, 1] дегенді білдіреді.

«Ал-файд» термині қызметі үшін ештеңе талап етпей, әрекет етуші адамның ұдайы атқаратын әрекетін білдіреді. Мысалы: ал-Мабда ал-файяд – жомарттығы асқан дереккөз.

Әрі қарай ол келесі мәселелерді ұғындырып, түсіндіре бастайды:

Әрбір мүдде белгілі бір әрекет нәтижесінен шығатын әрекет болса, ол пайда деп аталады.

Егер, оны осы әрекеттің бөлігі ретінде қарастырса, ол талпыныс (ал-гаайя) деп аталады.

Егер ол әрекет етуші адамның әрекетті бастап кетуіне қажет болған күнде, оны мақсат (ал-гарад) деп атайды.

Ал, егер мүдде әрекет жасауға итермелесе, онда ол – мақсатты себеп болып табылады.

Осылайша, пайда мен талпыныстың болмысы бір, бірақ, мақсаты жағынан әртүрлі, олардың мақсат пен мақсатты себепке де қатысы бар, ал, айырмашылығы мынада: мақсаттың әрекет етуші субъектіге қатысы бар, ал мақсатты себеп тек әрекетке қана қатысты. Алғашқы екі анықтау соңғы екеуінен ауқымдырақ.

**Әл-Маъани (маңыз) сөзінің мағынасы:**

Ал-Маъаани сөз түрінде айтылатын санадағы бейне.

**Әл-Маъна (мағына, мән) сөзінің мағынасы:**

Тілдік жағынан ал-Маъна «мақсад» (аудармасы мақсат, талпыныс дегенді білдіреді) сөзі тәрізді мафъал формуласы бойынша қалыптасқан, «Ман анааху» сөйлемі – «ойда тұтқан, көздеген адамыңыз» дегенді білдіреді.

Егер біз сөздің аталуы мен мағынасы туралы айтсақ, оны «мафхуум» – мағына, мән дейміз. Егер оның адам атына қатысы болса, оны «мусаммаа» – есімі, атауы дейміз. Ал, ал-маъна сөзіне келер болсақ, егер оның адамға қатысы болмаса, ол «мафхуум» мағынасында, ал «мусамма» «мафхумды» да, «маъна» мағынасында да қолданылады. Мысалы, Зайд пен Амрге біз мусамма раджул дейміз – ер адамның аты, бірақ, біз маъна рраджул – еректің мағынасы демейміз.

«Хакаиқ ал-маъаани» сөз тіркесінің анықтамасы (мағыналардың болмысы)

Хакаиқ ал-маъаани – бұл шындыққа сәйкес бейнелер.

**«Ал-Баян» сөзінің мағынасы:**

Ал-Баян – адам көңілінде жасырын жатқанды көрсететін шешендік сөздер.

Сондай-ақ, бұл ішкі сезім, жасырын ойларды естілетін сөздер түрінде білдіру. Ал-хакаиқ (фактілер, ақиқат) сөзі ал-маъани сөзімен қосылады, сондықтан, олар сыртқы нышандарға қарсы тұрады. Хаза захир ал-амр, басқаша айтқанда, бұл істің шынайы мәнісі дейді.

**«Ан-Нияма» (рақымшылдық, абатшылдық) сөзінің мағынасы:**

Ан-Нияма – өзгеге келтірілген пайда. Мысалы орнын толтыру, немесе пайда келтіру үшін, я зиянды бұрып жіберу үшін басқаға жасалған игілік. Ал «ан-Наъма» (сөздің бірінші түбір әрпінің фатхасымен) сөзі – молшылықта, берекелі өмір сүру дегенді білдіреді.

**«Әл-Итқан» (жетілгендік, шеберлік) сөзінің мағынасы:**

Ал-Итқаан – бұл дәлдік пен жетілгендік.

**«Әл-Хикма» (даналық) сөзінің мағынасы:**

Әл-Хикма – бұл нәрселердің болмысы мен олардың мақсатын білу.

**«Ан-Низам» (жүйе, тәртіп) сөзінің мағынасы:**

Низам – бұл інжуді белгілі тәртіппен тізетін жіп, сондықтан, бұл сөз көрнекті түрдегі тәртіп ретінде қолданылады.

**Ан-Наби (пайғамбар) және ар-расул (уәкіл) мағыналарының айырмашылығы**

Ол иландырып айтылған дүниелерді адамдарға жеткізуге жіберілген адам делінген.

Сонымен қатар, діни заңдардың бөлек жинағы (шариғат) берілген адам – уәкіл, ал пайғамбар – алдыңғы уәкілдің шариғатын ұстанған адам, мәселен, Мұсаның шариғатын Йұша пайғамбар ұстанған.

Тағы да уәкіл – Алланың құлдарына жіберілген адам, ал пайғамбар – Алла Тағаланың даңқын жайып, хабарлайтын адам, оны адамдарға жолдамаса да, мұндай анықтама осы сөздердің тілдік мағынасына сәйкес.

«Әл-Карам» (жомарттық, игілік) және «ас-самааха» (кішіпейілдік, кең пейілділік) тәрізді сөздердің мағынасы

«Әл-Карам» – иесін аянбай сыйлап, пайдалы іс жасауға итермелейтін адами қасиет.

«Ас-Самааха» – мүліктік жомарттық, сондықтан «ал-карам» сөзінің мәні «ас-самаахаға» қарағанда ауқымдырақ [13, 2].

**«Ад-Дин» (дін) сөзінің мағынасы:**

«Ад-Дин» – парасат иелеріне арналған құдай заңы, саналы, бүкіл жақсы игілікті таңдауында, ал басқа, ойдан шығарылған заңдар мен шектеулер дінге жатпайды, оған Құдайға сенбейтіндер мен екіжүзділердің шайтандары ойлап тапқан заңдары мысал бола алады.

**Осы анықтауға қатысты маңызды тұстары:**

«Жаралған» сөздеріне өсімдіктер мен ағаштардың өсуіне қатысты таңғажайып заңдылықтар кірмейді.

Сонымен қатар, «түсінетіндерге арналған» сөздерге жануарларға қатысты таңғажайып заңдылықтар кірмейді. Оларға санасынан айрылғандарға байланысты заңдылықтарға жатпайды.

«Олардың саналы таңдауы» деген сөздер әрекет пен әрекетсіздік арасындағы таңдаудың бар екендігін көрсетеді, осылайша, сыйынғаны үшін адамға марапат көрсетіліп, ал бағынбағандығы үшін жазаланатындығын көрсетеді. Сондай-ақ, адамның интуитивтік іс-әрекетін ескермеуге жол беріледі.

«Мақтауға лайық» сөздері Алланың бұйрығындағы игіліктерге мегзейді, олардың таңдауына ұсынылғандары суреттелуі болуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл құдайшыл заңдар болғандықтан, мұндай сипаттау сенімсіздіктен арашалау үшін қолданылуға жол беріледі. [13, 4]

**«Ад-Дин» (дін) сөзін жалған және шынайы заңдарға қатысты қолдану.**

«Ад-Дин» сөзі Алла Тағала айтқандай: «Исламнан басқаны іздеген адамнан, ...», сондай-ақ, «Сендердің діндерің өздеріңе, менің дінім өзіме» деген Құдай сөздері ауызша жалған заң ережелеріне қатысты айтылады.

Бұл сөз Алла Тағала: «Бүгін мен сендер үшін сендердің діндеріңді кемеліне жеткіздім» деп айтқандай, шынайы заң ережелеріне қатысты қолданылады. Бұл сөзді оның мағынасына негіздей отырып, заң ережелерінің барлық түріне қатысты қолдануға жол беріледі, осылайша, бұл шындық немесе жалған болатын адамның неге сеніп, бас иетін дүниелерін айтады.

«Аш-Шаръ» (дін заңы, шариғат), «ад-дин» (дін), «ал-милла» (сенім, дін) тәрізді сөздердің мағыналары

Алла Тағаладан уәкіл алып келген «аш-шаръ» болып табылады, өйткені Ол осылай түсіндіріп, көрсеткен.

Ал, «ад-Дин» – бұл оның діни ұстанымы және сыйынуы.

«Әл-Милла» – уммада айтылып, оқылғандар.

**«Әл-Йакин» (берік сенім) сөзінің мағынасы:**

Ал-Йакин – бұл именбейтін сенім.

«Әл-Улум» (ғылымдар) және «ал-маъариф» (білім, ілімдер) түсініктері арасындағы айырмашылық:

Әл-Улум – нәрселердің тұтастығы ұғымы, ал ал-маъариф – болмысты ішінара ұғыну. [3 бет]

**«Ан-Нукта» (өткірлік, тапқыр сөйлемше) сөзінің мағынасы:**

Ан-Нукта – «наката» түбірінен алынған сөз, ойлау нәтижесі болатын дәл мағына. «Наката фи-л ард» аудармасы – жерді тырмалау, жерде өз ізін қалдыру.

«Ан-Назм» (ретті сөздер) сөзін қасиетті Құранмен қатар қолдануы мен «ал-лафз» (сөз) сөзін қолданбауы – Автордың даналығы.

Ол «ал-лафз» орнына «ан-назм» сөзін қолданып, мұбарак Құранды құрметтейтінін аңғартты, тілдік мағынада «ал-лафз» сөзі – шығарылу дегенді білдіреді және қасиетті Құран тізілген інжудей реттеліп ұсынылғандығына мегзейді.

«Ат-Тафсир» (түсіндіру) және «ат-тауил» (түсіндіру, ұғындыру) мағыналары арасындағы айырмашылық:

«Ат-Тафсир» – хикаялар мен ғалымдардың пікірлері негізінде мұбарак Құран мағынасын ұғындыру.

«Ат-Тауил» – ережелер негізінде Құран мағынасын ұғындыру.

«Әл-Баян» (ұғындыру) және «ат-тибйаан» (баяндау, түсіндіру) мағыналары арасындағы айырмашылық

«Ат-Тибйаан» – толық баяндау.

Егер «Ал-Баян» – дәлелденбеген мазмұндау болса, «ат-тибйан» – дәлелге негізделген мазмұндау.

**«Ал-Басыра» (білім саралығы) сөзінің мағынасы**

«Ал-Басыра» – шындықты өтіріктен толық ажырату қабілетіне ие болатын күш; толық хабардар болу

[13,4]

**Шежірелердің дәрежелері («ал-ансаб»)**

6 дәрежесі бар:

1 – «Аш-Шаъб» (халықтар), ар-Рабиъа халқы тәрізді

2 – «Әл-Қабила» (тайпа), ал-Кинана тайпасы тәрізді

3 – «Әл-Фасыла» (отбасы), ал-Қурайш отбасы тәрізді

4 – «Әл-Имара» (ру), ал-Куси руы тәрізді

5 – «Әл-Батн» (клан), һашим кланы тәрізді

6 – «Әл-Фахз» (ұрпақ), бану Аббас тәрізді

Бұл дәрежелер иерархия құрайды, оның ең ауқымдысы «аш-шаъб» (халық) сөзі. Бұл иерархиядағы ең аз бірлік «Әл-фахз» (ұрпақ) сөзі. [13, 7]

Автор алғысөзін былай тәмамдайды: «Бұл шығарманың алғысөзінде ұғындыра алғаным осы, Алла бәрін біледі, кез келген жағдайда Аллаға шүкір». [13, 8]

Сонан соң, автор трактатты неге «басмала» (Алланы атау) және Алланы дәріптеуден бастайтынына түсінік беруден бастайды: «Алла деп бастау мен Оның даңқын шығару Пайғамбардың (с.ғ.с.) «Алланың атымен басталмаған кез келген маңызды іс толыққанды болмайды («ал-абтар» – шабылған)» деген хадисіне негізделеді; Пайғамбардың (с.ғ.с.) тағы бір сөзі бар: «Алланы мадақтаудан басталмаған кез келген маңызды іс өнбейді (актаъ)».

**Осы тұжырымға қарсылық және оны теріске шығару:**

Кейбірі айтқандай, осы айтылған сөздердің бір түрінен бастау – осы сөздермен бір мезгілде бастауға жол бермейді, оның қайшылығы осында.

**Бұл қарсылыққа жауап:**

Автор хадисті Алла деп бастау – шынайы бастау деп жауап берді, Алланы дәріптейтін сөздермен бастау туралы хадиске келсек, ол қосымша бастауға қатысты, бұл оның атауы мен аталуы арасындағы сәйкестіктің көрінісі емес, Алла Тағаланың жоғары дәрежелігі – күмәнсіз ақиқат болғандықтан, аталған тәртіп Құдайдың жолдауына, саф таза сүннет пен ғұламалардың барлығының пікірімен сәйкес деп жауап берді. [13, 9]

Осылайша басталу дәстүрлер мен салттарына сәйкес ауқымды болуы мүмкін, сондықтан, екі және онан көп түрлерін атауға жол беріледі. Біріншісі сыртқы қайшылықты жойса, екіншісі негізіндегі қайшылықты жояды.

**Тағы бір қарсылық**

Кейбіреулері былай деп қарсылық білдірді: мысал ретінде Алланың кітабын алсақ, оны Алла деп бастауға болмайды, өйткені, бұл сөздер «Ан-Намл» сүресінің орта шенінде айтылып, оның бөлігі болып табылады, тіпті айтылғанға қайшы болатындай, кейбір аяттар сүрелердің басында келсе де, Құранды негізге алудың артықшылығы бар.

**Осы қарсылыққа жауап:**

Оған автор жауап берді: сүре басталатын «бисмилланың» сөздері Алланы дәріптеуден бұрын тұрады, ал «бисмилла» сүрелердің арасын бөлуге арналған Құранның аяты екендігі дұрыс пікір болып табылады. Сүлейменнің кітабы «бисмилладан» басталған, оның «Асылы бұл Сүлейменнен» деген сөзіне қатысты, Алла айтқан Балхистың сөзі: «Маған игі хатты тастап кетті». Басқалары оған: Бұл хат кімнен? Бұл не хат? – деп сұрағанға ұқсайды. Сондықтан, ол «Ол хат Сүлейменнен, онда: Рахымды да Мейірімді Алла үшін» – деп бастайды. Бұл қойылған сұраққа оның жауабы болды. Сондай-ақ, «ол – Сүлейменнен» деп өзі туралы айтқан деген пікір бар. Енді бір пікірде бұл кітаптың аты дейді. [13, 10]

**Алланың құлдарына деген рақымшылықтарының түрлері**

Автор Алла Тағала рақымшылығын бар және жоқ деп бөлген, осы түрлерін ішінен рухани және материалдық деп жарған, материалдық рақымшылықты ішкі және сыртқыға бөлген, осы түрлердің әрқайсысының тізбектеп жатуға қиын болатын көптеген тармақтары бар. Өз кезегінде, әрбір түрше қисапсыз



дербес бірліктерге бөлінген. Егер адамның жаны осы түрлерді бөлек-бөлек санауға талпынған күнде, есебіне жетпес еді. Адам өз ризашылығын білдіргісі келсе, өзі өмірінде жасаған физикалық, сөздей, ақылай түрінде сыйынса да, оған жасалған рақымшылықтың тек бірінің ғана орнын толтыруға жеткіліксіз болар еді. [13, 12]

Алла Тағала өзінің болмысы немесе Өзінің қасиеттерін мәшһүр етуіне лайық па?

Бұл сауалға автор: Алла – бүкіл толыққанды қасиеттермен сипатталатын болмыстың аты, олардың жиынтығы Алланың Өз болмысы үшін оны мәшһүр ететін құқық болып табылады, деп жауап береді.

Әрі қарай Алла өзінің барлық сапасындағы толыққанды болмысы үшін мадақтауға лайық деген сөздермен осы тұжырымды түсіндіреді. Бұл оның барлық қасиеттеріне қатысы бар. [13, 17]

«Амма» сөзінің негізі (айыру бөлігі – харф тафсыл) және осы бөлікті алғаш пайдаланған:

Автор: Шурейх пен аш-Шаъби жеткізгендей, «амма» сөзін алғаш Дәуіт мырза қолданған дейді. Осы сөз Алла Тағаланың, «ас-Сад» сүресінде: «Біз оған даналық пен шешуші сөзді тарту еттік» деген сөздерінде тұспалданған. [13, 25]

Пайғамбар (с.ғ.с.) отбасы санатына кімдер жатады?

Автор айтты: «Пайғамбардың отбасына бану Һашим, бану ал-Мутталиб, сонымен қатар Фатиманың балалары кіреді, кейбірі – Пайғамбардың отбасы – бүкіл умма деп айтылды. Пайғамбар мен оның сахабалары арасында салыстырмалы ортақтық бар. Мәселен, аш-Шафиғи<sup>1\*</sup> бану Һашимге жатады, бірақ, сахабалары санатына жатпайды, ал Салман ал-Фариси<sup>2\*</sup> Пайғамбардың сахабасы болса да, оның отбасына жатпайды». [13, 26]

### Араб тіліне байланысты ғылымдар түрі.

Автор араб тілімен байланысты ғылымдар саны 12-ге бөлінген. Оларды атаудан бұрын, ол араб тілі ғылымының не екендігін түсіндірді: «Бұл сөздердің дұрыстығы мен дұрыс еместігін зерделейтін ғылым» деп осы түрлеріне түсінік бере бастайды:

Сөздің түбірі мен оның негізін зерттейтін ғылым «луға» – тіл деп аталады

Сөз түбірінен туындайтын сөздерді зерттейтін ғылым «иштикак – сөздің жасалуы» деп аталады

Сөз формасының өзгеруін зерттейтін ғылымды «тасриф» – морфология деп атайды

Сөздің жалғауларын, оның өзгеруі немесе өзгермеуін зерттейтін ғылымды «наху» – грамматика деп атайды

Бір сөздің айтылған жағдайға сәйкестігін зерттейтін ғылымды «ал-маъани» – мәндері деп атайды

Сөздің анықтығы немесе жасырын болуына тәуелді көп мағыналы сөздерді зерттейтін ғылым «ал-баян» – мазмұндау, ұғындыру деп аталады

Сөз элементтерін әрлеуді зерттейтін ғылым «ал-бадиъ» – риторика деп аталады

Сөздің өлең өлшемін зерттейтін ғылым «ал-аруд» – просодия, метрика деп аталады

Өлең жолдарының аяқтамасын (ұйқасын) зерттейтін ғылымды «ал-кафия» – ұйқас деп атайды

Өлең жазу тәсілдері мен оның тәртібін зерттейтін ғылымды «кард аш-шиър» – поэзия деп атайды

Прозалық шығармалардың жазу тәсілдерін зерттейтін ғылым «иншаа ан-настр мин ар-расаил уа-л хутаб» – хаттар мен уағыздарға негізделген прозалық шығарма жазу деп аталады

Сөздерді жазу арқылы көрсетуді зерттейтін ғылым – «илм ал-хатт» каллиграфия деп аталады.

Сонан соң, Низам ад-дин Йахйя ибн Сайф ас-Сайрами «ал-аруд» пен «кард-аш-шиър» ғылымдарының айырмашылығын атап өткен: «ал-аруд» – өлең өлшемдерінің бір-бірінен айырмашылығы. Ал «кард-аш-шиър» мінсіз, өлеңнің ұйқасты өлшемі қалайша құрастырылғанын зерттейді. [13, 28 бет]

Қолжазбаның 38-бетінде сайрамдық ғұлама барынша пайда келтіру мақсатында, қолжазбасында ғылым түрлерін қарастырған шығармасында атап көрсететінін айтқан:

Осы жерде Низам ад-дин Йахйя ас-Сайрами ғылым түрлерін қарастырған шығармасын тәмамдайды. Шығарма оның білімінің көптеген қырларын ашады. Бұл жерде автор көптеген дереккөздерге сілтеме жасайды. Шығарма философия мен логиканың басын қосқан. Оның ішінде автор ғылымдарды, олардың қалыптасуын және неден құралатынын көрсеткен. Сонымен қатар, келтірілген қарсылықтарға жауап бергені мәселені зерттеу мен пікірсайысқа қатысу қабілетін көрсетеді.

Низам ад-дин Йахйя ас-Сайрамидің шебер қарастырған мәселелері – бұл ғалым қозғаған мәселені зерделеуге ғалымдардың білім иелері, студенттер ішінен шыққан сұхбаттастарына, нақты салада

<sup>1\*</sup> Аш-Шафиғи (Әбу Абдалла Мұхаммед бин Идрис – 767-820), фақиһ, хадисші, Шафиғи мазһабының негізін қалаушы. Зираты Каир қаласында.

<sup>2\*</sup> Салман әл-Фариси (Әбу Абдалла - ?-658), пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахабасы. Шығу тегі жағынан исфахандық (Иран).

Осылайша, Пайғамбар отбасын белгілеуде бірнеше нұсқасының үшеуін автор атап өтті, бірақ, олардың бірін де түпкілікті расталған деп атаған жоқ.

мамандандырылмаған ғалымдарға, ғалым мамандарға деген көзқарасы. Ғалым пікірін есепке алғанда, ас-Сайрами оларды 3 типке бөлген, ал-балаға (шешендік) ғылымдағы мұндай бөліп-жару адруб ал-хабар (баяндаудың түрлері) деп аталады:

Бірінші тип: сұхбаттасыңыз тіптен хабарсыз болған жағдайда, оған айтылған сөзіңізде сенім болмайды.

Екінші тип: сұхбаттасыңыз абыржып отырса, мұндай жағдайда сендірудің бір түрін қолданған абзал.

Үшінші тип: сұхбаттасыңыз мойындамай, жоққа шығарып отырса, бұл жағдайда, сөзіңізді міндетті түрде сендірудің сәйкес формаларымен нығайтуыңыз қажет. [13, 79]

Осы сұхбаттастардың үш типіне ғалымдардың белгілі типтері сәйкес келеді:

Егер сауал қоюшы адам әңгіме тақырыбынан хабардар болмаса, онда ғалым оған сендіру әдісі қолданылмайтын сөз сөйлегені қажет.

Егер сауал қоюшы талқыланып жатқан мәселе бойынша күманданып отырса, онда, ғалым оның күманын сөйлтетін сендіру әдісін қолдануы керек. Бірақ, бұл әрекет ғалым үшін міндетті емес, ал егер ол әдісті қолданса, нұр үстіне нұр болады.

Егер сұрақ қоюшы өзінің надандығы немесе өркөкіректігі садарынан жоққа шығарып, табанды түрде мойындамай отырса, онда ғалым оның күмандарын түбегейлі жою үшін, өз сөздерін қолынан келетін сендірудің барлық әдістерімен нығайтуы қажет. Бұл ғалым үшін міндетті болып табылады, өйткені, күманды жою оның шұбасыз міндеті болып табылады.

Ас-Сайрамидің сөздері адамдардың жағдайына қарай шамаластырылып, айтқан сөзі ислам рухының көрінісі болып табылады: өйткені, біреуге жаққаны, басқасына жақпайды, біріне пайдасы болса, басқасына зияны тиюі мүмкін. Несібе таратқандай, ақыл-ой таратқан Алла саф таза.

Осыдан кейін ас-Сайрами шешендіктің метафора мен аллегория тәрізді тарауларын қарастырады.

#### **«Әл» белгілі артикліндегі хамзаны қалдырып кету:**

Хамзаны дыбыстау кезінде онан кейінгі ал-лам әріпіне өтіп, хамза қалдырып кетілсе, хамзаның ережесі болуы мүмкін.

Дыбысталу кезінде алдыңғы әріпке ауысар алдында хамза болса, онда алдыңғы ережеге бағынбайды. Белгілі артикль хамзаны ауыстыра алмайды.

Белгілі артикльде хамза айырушы болмайды, ал үндесудің белгілі ережесі болмайды, хамза аталып өткеннен кейін, үндестікке өте сирек кедергі келтіреді, ал ол белгілі ережеге бағынбаса, ереже әрекет етпейді. [13, 116 бет]

#### **«Алла» ұлы – сөзі жалқы есім бе, жоқ па?**

Шейх ат-Тафтазани «Алла» сөзі құдайлық болмысына тиісті жалқы есімді екі тәсілмен ұғынуға болады: 1 – ең басында осы сөзбен Алланың асқақ болмысы аталған; 2 – жүзеге асырылған емес, мойындалған артықшылық жолымен, өйткені, жүзеге асырылған басымдылық осы сөзді басқаға қатысты қолданылуы тұспалданады, ал, «Алла» сөзі Алла Тағаладан басқа ешкімге қатысты қолданылмайды. Артықшылық мойындалғанда, «Алла» сөзі тек Алла Тағалаға қатысты қолданылады деген пікірге қайшы емес.

Сосын ас-Сайрами осы туралы ғалымдардың пікірін келтіреді: «Егер «Алла» сөзі жалқы есім болса, оған «Жалғыз» деген сөзді қосудың мәні болмас еді, өйткені, «Алла» сөзі екеуге емес, бірге қатысты ғана қолданылатыны мәлім. Бұл сенің сөзің тәріздес: Зайд біреу, тап сол мезетте, оның екеу емес, біреу екендігін барлығы да біліп отыр. Сондықтан, «Зайд біреу» деп айтудың мән-мағынасы жоқ. Егер бұл сөз толыққанды мағынада пайдаланылса, ол міндетті түрде бар Алла, тек Ол ғана басқалардың сыйынуына лайық. Өз Құдайыңды суреттеп берші деп сұрағанда: «хуа» сөзі (Ол) – бастауыш, Алла – баяндауыш, ал «ахад» сөзі – екінші баяндауыш, не болмаса, Алла сөзі жалқы есім болған күнде, Алла сөзі болып табылады».

Ас-Сайрамидің пікірі:

Ас-Сайрами «Зайд біреу» дегенді олар екеу деген мәнде қолданбаса мағынасы жоқ деп санаған. Егер өз кезегінде, ол жоқ деген сөзге жауап ретінде болса, онда мұндай сөздің мағынасы болады. Алла Тағаланың: «Алла Жалғыз» деген сөзі – Аллаға ұқсастың жоқ екендігін білдіргендіктен, оның мағынасы бар. [13, 117]

#### **Белгісіздік жағдайдағы қатыстық есімдік пен суреттейтін сөздің айырмашылығы**

Олардың айырмашылығы мынада: бірінші жағдайда, нақтылау оның жағдайына тәуелді, ал, екіншісінде – жағдайына емес, сыртқы факторларға тәуелді, өйткені, оның нақты бөліктерінде пайдаланылатын жалпы ережелер мен толық түсінігі бола отырып, қатыстық есімдік бір суреттеу түрінде кез келген нақты нәрсеге қатысты қолданылады. Белгісіз жағдайдағы суреттелген сөздерге келсек, ол сыртқы факторларға тәуелді нақты нәрселермен шектелген толық түсінік үшін қолданылады. Қатыстық есімдіктен кейін тұрған сөйлемдердің екі жағдайы бар: 1 – ол өзінен-өзі белгілі; 2 – ол мезгілденген нәрсеге арақатынасы жолымен анықталады. Ал суреттеу қызметін атқаратын сөйлемнің бір талабы бар – ол өзімен-өзі анықталады, сонымен қатар, ол нақты емес, белгілі бір нәрсеге қатысы бар, сондықтан, мұндай сөйлем алдындағы белгісіз жағдайдағы сөзді суреттеуі ғана болуы мүмкін. [13, 122]

### **Бөлуші есімдіктің мәнісі**

Бөлуші есімдіктің негізі – суреттеу мен белгілі жағдайдағы баяндауыштың бөлінуінде, мәселен, Зайд – ол Амрдан артық. Бұл есімдік осы сөйлемде атап көрсетілген. Баяндауыштың анықтылығы бөліну қажеттілігін тудырады. Осылайша, озыңқы сөз ерекшеленеді, ал кейбірі оны шектеуге негіз қылды, белгілі жағдайдағы баяндауыш есімдіктен кейін келгендігін куәландырады.

Сондай-ақ, олардың әрқайсысы тәуелсіз, анықталған жағдайда екеуі де куәландыратын мағына береді. [13, 168]

### **Бастауыштың алдындағы жоққа терістеу және бастауыштан кейінгі терістеу.**

Бастауыш алдындағы терістеудің мысалы: «Ма ана култу хаза» – «айтқан жоқпын мен оны» және т.б.

Ал, терістеу бастауыштан кейін болғандағы мысал: «Хуа ма каала хаза» – Ол айтқан жоқ мұны және т.б.

Олардың айырмашылығы мынада: бірінші жағдайда бастауыш әрекет көзі болуы мүмкін деген жайт теріске шығарылады. Ал сұхбаттасы, сөйлеушіні нақ осы әрекет суреттеген адам деп есептейді, бірақ, сөйлеуші былай деп жауап береді: «Айтқан жоқпын мен оны, басқа біреу айтты», деп бастауышқа тіркелген әрекетті теріске шығарады, сонымен қатар, әрекетті басқа адам жасады деп сендіріп отыр. Осылайша, мұндай ерекшеленудің мақсаты – әрекетті басқаға аудару, өйткені терістеуден кейінгі растау – ерекшелену болып табылады.

Екінші жағдайда, бастауышқа әрекеттің тіркелмейтін жайты расталады, ал сұхбаттасы оның бұл әрекетті жасаған жоқ деп шамалайды, ал сөйлеуші былай деп жауап береді: «мен ғана оны айтпаған, басқа емес», сөйтіп, терістеудің алдына бастауышты қойып, оны алдымен ерекшеленіп, кейіннен әрекетті терістеуді айта кетеді, мұның бәрі бастауышқа қатысты осы әрекетті жоққа шығаруды ерекшелену болып табылады. Осы арқылы, мазмұн мен сұхбаттас тарапынан екі конструкцияның айырмашылығы айқындалады. [13, 173]

### **«Мислук» немесе «гайрук» (сен сияқты; сенен басқа) сөздерінің қолданылуы жайлы бірер сөз**

Бұл сөздер сұхбаттасымен ұқсастығы немесе айырмашылығы бар нақты адамға қатысты қолданылуы мүмкін. «Мислука ла йабхалу» – «Сен сияқтылар сараңдығын көрсетпес» немесе «Ғайрука ла йаджуду» – «Сенен басқалар жомарттығын көрсетпес» деген сөз бар. Бұл жерде әңгіме үшінші тұлға жайында болып отыр, бұл сөйлемдерде қойылуына қатысты метонимиялар жоқ, өйткені, оның мақсаты – атын атамай, оның суреттемесін қолдану жолымен, әлдебір адамның жағдайы болып табылады.

Бұл сөздер ұқсас және ұқсамайтын нақты емес адамға қатысты қолданылуы мүмкін, бұл жерде осы адамның сұхбаттасы немесе басқа тұлғаға қатысты туралы болса, онда оның қойылуында метонимия болып табылады, бұған кері жағдайда, қойылуының негізінде не метонимия, не қойылатын тұлға да жоқ болады.

Екінші түрі – барынша кеңірек таралғаны. [13, 187]

### **«Иза ал-фуджаиа» кенеттілік демеуліктері**

Бұл демеулік есім сөйлеммен қолданылып, жауапты қажет етпейді. Ол сөйлемнің басында келтірілмейді, келер шақ емес, осы шаққа қатысты қолданылады. Араб филологы ал-Ахфаш (шамамен 830 ж. қайтыс болған) оны «харф» (көмекші сөз, демеулік) деп, араб филологы ал-Мұбаррад (826-898) «зарф мақан» (мекен пысықтауыш) деп, аз-Зуджадж «зарф заман» (мезгіл пысықтауыш) деп атаған, ал Әбу-л Қасым аз-Замахшари (1075-1144) «кенеттілік» (ал-муфаджаа) сөзінің туындысы – ұйғарынды етістік деп санаған, ғалымдардың басым көпшілігі оны етістік деп есептейді (аталған немесе ұйғарынды болса да), онан соң бастауыш, баяндауыш келтіріледі де, оның аталғаны немесе ұйғарындысы кейіннен, сонымен қатар, осы бастауыштың баяндауышы – «иза» демеулігі болып табылады [13, 204]

Осы ретте Низам ад-дин ас-Сайрами сөз болып отырған трактатында сілтеме жасаған әл-Ахфаш, әл-Мұбаррад пен аз-Замахшариге тоқтала кетейік.

Әл-Ахфаш (Әбу-л Хаттаб әл-Ақбар - ?-830) белгілі араб филологы, араб тілі грамматикасының білгір маманы, басаралық әдебиетші. Ол ортағасырлық философ, тарихшы, этнограф, қаламгер Әбу Усман Амр ибн Бахр әл-Джахиз (775-868) ұстаздарының бірі.

Әл-Мұбаррад (Әбу-л Аббас Мұхаммед бин Йазид бин Әби әл-Ақбар әл-Азди – 836-898), белгілі ғалым. Басра мектебінің өкілі, филолог және әдебиетші. Әбу-л Аббас Абдалла ибн әл-Мұғтаздың (863-908) ұстазы. Лингвистикалық атақты трактат “әл-Мұбаррадтың әл-Камилинін” авторы.

Аз-Замахшари (Әбу-л Қасым Махмуд бин Умар бин Ахмед аз-Замахшари әл-Хорезми – 1075-1144), түрік нәсілді, тафсір, калам, хадис және араб тіл білімі ғалымы. Хорезм өлкесінде туылған. “Кашшаф ан хакаиқи-т танзил уа уйуни-л ауауи-л фи уджуһи-т тауил”, “Әл-фаиқ фи ғариби-л хадис”, “Рабиғу-л абрар уа нусусу-л ахбар”, “Асасу-л балаға”, “Әл-Муфассал”, “Әл-Муфрад”, “Мукаддимату-л адаб”, “Науабигу-л калам”, “Мақамат” іспетті еңбектердің авторы. Туған жері Хиуаға жақын, қазір Түркіменстанға қарайтын Тахта селосы.

### **Низам ад-дин ас-Сайрами әрі қарай “шешендік ғылымындағы сөзшендік (ал-итнаб) ережесі” жайлы:**

“Қосылу жолында сөзшендікті болдырмауға негіз – жоққа шығару кезінде дәйексөз келтірумен тен. Сөзшендікті болдырмау қосылмау жолында да, растайтын сөйлемдерде келтірілетін дәйексөздерге де сәйкес



негіз қалдырылады. Мәселен, «Ма ана Зайдан дарабту» – Зайдты ұрған мен емес; «Ма ана кумту» – тұрған мен емеспін. Бұл сөйлемдерде етістік аталмаған субъектімен шектелмейді, осылайша бұл жерде растау емес, жоққа шығару дәйексөздері келтіріледі», - дейді. [13, 273]

**Метафораның «тамсилия» (кейіптеуші) және «табабия» (туынды), тәрізді түрлері бір сөзде бірігу мүмкіндігі жайлы зерттеу:**

Түсіндіруші ат-Тафтазани бұған жол беріледі деп, оған дәлел ретінде «ал-Кашшафтың» авторы Хорезмдік атақты ғалым абу-л Қасым аз-Замахшаридің (1075-1144), Алла Тағаланың сөзіне түсінік беруде айтқаны: «Олар өздерінің Құдайының адал басшылығына жүгінеді және табысқа қол жеткізді» («ал-Бакара» сүресі, 5 аят): Бұл аятта асқақтататын «ала» көмекші сөзін қолдану олардың табандылығы, ақиқаты нығайып, оны ұстануы мен бір нәрсенің үстінен асқақтап, оның үстіне отырғанның жағдайындай. Ал туынды метафора асқақтаудың мағынасы мен «ала» көмекші сөзін салыстырудан байқалады. Кейіптеуші метафора әр тараптың бірнеше ережесінің жоқ екендігінен көрінеді.

Метафораның екі түрінің басын біріктіруге болмайды деп айтылған, өйткені, туынды метафора барлығында болуы қажет, етістіктен жасалған атаулы сөздер – көмекші сөздердің мағынасымен байланысқан асқақтау, бастама және т.б. көмекші сөздер тәрізді дара мағыналар дейді ас-Сақкаки (1160-1299). Олар жеке сөздермен өрнектелген дара мағыналар, ал, кейіптеуші метафора тараптардың өзара байланысын қажет етеді. [13, 369]

**Метафораның дұрыстығына қойылатын талаптар туралы тарау**

Бұл талаптар іс жүзінде салыстырылатын тұлғаға қатысты, ал ойдан шығарылған салыстырылатын тұлғаға қатысты аталған талаптар қолданылмайды.

Салыстырылатын объектілердің ортақ ерекшеліктері қашық та өзгеше мән берілгенде, салыстыру кемеліне жетеді. Толыққанды метафора толыққанды салыстырудан келіп шығады. Бірақ, автор осы тұжырымдамамен келіспей, салыстырылатын объектілердің ортақ ерекшеліктері айқын да түсінікті болуы керек деп ескертеді: айқындық пен көлегейлену ашық немесе әлсіз көрінуі мүмкін, сондықтан, салыстырылатын объектілердің ортақ ерекшеліктері қарабайыр ашық та, тіптен түсініксіз дәрежедегі көлегейленбеуі де қажет.

Қорытынды: салыстырылатын объектілердің ортақ ерекшеліктері адамдар арасында тым ашық болып көрінбесе, ең жақсы салыстыруды қолданатын ережелері сақталса және метафора салыстырумен араласып кетпесе, бұл жағдайда, ең жақсы және құпиялы метафора болады. [13, 376]

**«Алла» деген ұлы сөзде метафора бар ма?**

Автор тұспалдау (истиғара макния) арқылы «Алла» сөзінде метафора бар деп санаған, оған дәлел ретінде Алла Тағаланың сөзін келтіреді: «Алланың қолы олардың қолының үстінде» («әл-Фатх» сүресі). Осы аятқа түсінік бере отырып, автор: осы аяттағы «Алла» сөзі серттеуші метонимия арқылы жасалған метафора деп айтқан. «Қол» сөзінде бұлдыр метафора бар.

«Алла» сөзінде ашық метафора бола алмайды, өйткені, Алла Тағаланың аты басқасына қатысты қолданылатындай, ол «Алланың» басқа бірденемен салыстыруды тұспалдайды – оған тыйым салынады: «Аты осындай басқаны білуші ме едің?!» («Марйам» сүресі).

**Метонимия мен астарлаудың айырмашылығы**

Метонимия (ал-кинаә) – сөзді астарлы мағынада қолдану

Астарлау (ат-табрид) – контекстегі астарлы мағынасын көрсете отырып, сөзді тікелей мағынасында қолдану.

Осы мәселені зерттеу:

Тікелей мағынасында ғана қолданылатын сөз бейнелі мағынасына қайшы келетін абстрақтылы ақиқат болып табылады. Ал, метонимия – негізі жанама мағынада қолданылатын сөз. Астарлауда бір сөзбен тікелей және жанама мағынада шынайы немесе бейнелі болып келтіріледі. [13, 381]

Қорытындысында:

Бұл шейх Низам ад-дин Йахйя ас-Сайрами «әл-Мутаууалға» берген түсініктерінде қарастырылған кейбір мәселелер ғана, сонымен қатар, шешендік, грамматика, морфология саласындағы таңдамалы пікірлері оның танымының жан-жақтылығы мен ғылым түрлерін күмәнсіз игергендігінің куәсі.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Шамс ад-дин Мухаммед ас-Сахауи. Ад-Ду'әл-ламий ли-аһл ал-қарн ат-тасий. Бейрут 2003.
- [2] Әбу Фалах Абд ал-Хайй Ибн Имад ал-Ханбали. Шаджарат аз-заһаб би-л ахбар мин аз-заһаб. Каир. 1933.
- [3] Там же.
- [4] Ибн Хаджар ал-Асқалани. Анба ал-гумр би абна ал-умр фи тарих. Бейрут. 1986.
- [5] Әбу-л Фадл Жалал ад-дин Абд ар-Рахман ас-Суйути. Назм ал-акйан фи аъйан ал-аъйан.
- [6] Әбу Фалах Абд ал-Хайй Ибн Имад ал-Ханбали. Шаджарат аз-заһаб би-л ахбар мин аз-заһаб. Каир. 1933.
- [7] Ибн Тагриберди. Манхал ас-сафи уа-л мустауфи баъд ал-уафи. Каир. 1933.

- [8] Шамс ад-дин Мухаммед ас-Сахауи. Ад-Дуъ ал-ламиъ ли-аһл ал-карн ат-тасиъ. Бейрут. **2003**.
- [9] Әбу Фалах Абд ал-Хайй Ибн Имад ал-Ханбали. Шаджарат аз-заһаб би-л ахбар мин аз-заһаб. Каир. **1933**.
- [10] Ибн Халджар ал-Асқалани. Анба ал-гумр би абна ал-умр фи тарих. Бейрут. **1986**.
- [11] Әбу-л Фадл Жалал ад-дин Абд ар-Рахман ас-Суйути. Назм ал-акйан фи аъйан ал-аъйан.
- [12] Таки ад-дин Әбу-л Аббас ал-Убайди ал-Макризи. Ас-Сулук ли-маърифат дуал ал-мулук. Бейрут. **1997**.
- [13] (Низам ад-дин) Йахйя ас-Сайрами. Китаб хашия ал-Мутаууал ли-шейх Низам ад-дин Йахйя бин Сайф ад-дин ас-Сайрами. Эскуриал кітапханасы (Испания). Қолжазба.

### **А.Б. Дербисали**

Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МОН РК, Алматы, Казахстан

### **НИЗАМ АД-ДИН ЙАХИЯ АС-САЙРАМИ И ЕГО ТВОРЧЕСТВО**

**Аннотация.** Автор исследует жизнь и творчество выходца средневекового казахского города Исфиджаб-ал-Байда-Сайрам Сайф ад-дина ас-Сайрами–Низам ад-дина Йахия ас-Сайрами. Трактат называется «Хашия ал-Мутаууал ли-шейх Низам ад-дин Йахия ас-Сайрами» («Комментарий к [трактату] «ал-Мутаууал» шейха Низам ад-дина Йахия ас-Сайрами»). Рукопись этого сочинения была обнаружена автором в библиотеке Эскориана в Испании во время его научной командировки в эту страну в 2014 году.

**Ключевые слова:** Абу Йакуб ас-Саккаки, Сайрам, Тебриз, ал-Мутаууал, Саъд ад-дин ат-Тафтазани, арабский язык, Кудс, Султан Баркук, Каир.